«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

# Мұнайлы өлке

№05 (127), маусым, 2020 жыл

# А. АЙДАРБАЕВ: ЖҰМЫСТАН ҚЫСҚАРТУ БОЛМАЙДЫ

**Ағымдағы жылдың 30 мамыр күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас офисінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы А.С. Айдарбаевтың қатысуымен еншілес және тәуелді ұйымдар басшыларының қатысуымен ағымдағы қызмет мәселелері бойынша бейнеконференциялық байланыс арқылы жиналыс өтті. Оған «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Caspi Bitum» ЖШС, «Өзенмұнайгаз» АҚ және сервистік компаниялардың басшылары қатысты. Жиында бірқатар маңызды мәселелер талқыланды. Төменде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы А.С.Айдарбаевтың сөйлеген сөзін назарларыңызға ұсынамыз.**



**Қайырлы күн,
құрметті әріптестер!**

Бүгін біз бірқатар өзекті проблемаларды талқылау үшін бас қосып отырмыз. Өздеріңіз жақсы білесіздер, карантинге байланысты көптен бері кездесе алмадық. Бұл індет біздің өмірімізге, біздің мекемелердің жұмысына үлкен өзгеріс алып келді.

Бұл жағдайда біздің бірінші кезектегі міндетіміз – адамдардың денсаулығын сақтау, вирустың таралуына жол бермеу. Осы мақсатта біз алдын ала дайындық жұмыстарын жүргіздік. Ақпан айында жедел штаб құрдық. Жағдайды тұрақты бақылап отырмыз.

Біздің барлық мекемелерімізде қатаң профилактикалық шаралар қолға алынды. Санитарлық режим енгізілді. Өкінішке орай, қолға алынған шараларға қарамастан, біздің жұмысшылар арасында коронавирусты жұқтырғандар бар. Олардың саны **қазір 128-ге жетті. 23 адам емделіп** шықты. Әрине, біз жағдайды толық бақылауда ұстап отырмыз. Жергілікті билік органдарымен бірлесе отырып, тиісті шараларды қолға алып жатырмыз.

Біз бұл бағыттағы **жұмыстарды одан әрі қарай жалғастыруымыз керек**. Вирустың таралуын болдырмау үшін профилактикалық шараларды қатаң сақтау маңызды. Бұл **барлық деңгейдегі басшылардың тікелей міндеті.**

Оның үстіне мұнай бағасының құлдырап кетуі де жағдайды тіпті қиындатып жіберді. Қазақ айтады ғой **«жығылған үстіне жұдырық болды»** деп. Міне, тура сондай жағдай болып тұр қазір. Бұл кризис тек қана бізге емес, әлемдегі барлық елдерге кері әсерін тигізіп отыр. Әсіресе, мұнай саласына! Осында отырған барлығымыз талай кризисті бастан өткердік қой. Бірақ бұл жолғы кризистің орны ерекше.

Біздің болжамымыз бойынша, «ҚазМұнайГаздың» таза пайдасы биыл **10 есеге қысқармақшы**. Егер **2019 жылы**




біздің таза пайдамыз **1 триллион** болса, **2020 жылы** небәрі **120 млрд** теңге болмақ. Бұл дегеніміз не? Біз тапқан табысымызды амал жоқ, еншілес кәсіпорындарды қаржыландыруға жұмсайтын боламыз. Мысалы **«Өзенмұнайгаз» бен «Ембімұнайгаз» қазірдің өзінде минусқа** кетті. Сервистік компаниялар туралы айтпай-ақ қояйын.

Оның үстіне, «ҚазМұнайГаздың» сыртқы қарыздары тағы бар. Бүгінгі таңда біздің **таза қарызымыз 10 млрд доллардан асады**. Өздеріңіз білесіздер, кезінде «ҚазМұнайГаз» қарыз алып, ірі инвестициялық жобаларға жұмсады. Қашағандағы үлесті сатып алуға, мұнай өңдейтін заводтарды модернизациялауға, газ құбырларын салуға. Түсінемін, бұлардың барлығы еліміз үшін өте керекті, өте маңызды жобалар болды. **Бірақ қарыздың аты - қарыз. Қанша қиын болса да, қарызды қайтаруымыз керек**. Солай емес пе?

Сондықтан да қазір біз өте қиын жағдайда тұрмыз.

Осыған орай, дереу жұмысты қайта құрып, дағдарысқа қарсы стратегияны қабылдау қажет болды. Аталған стратегия үш мақсатты көздейді:

**Бірінші,** тығырықтан жол табу.

**Екінші,** шығындарымызды табыспен сәйкестендіру.

**Үшінші,** ертеңгі күнді ойлау, яғни, посткризистік кезеңде жұмысты тиімді құру.

Міне, осы үш бағыт бойынша біз бірлесіп жұмыс істеуіміз керек.

Ол үшін біз бірінші кезекте не істедік? БиПи, Шелл, Тоталь, Эксон Мобил деген халықаралық гигант компаниялар сияқты, біз де шығындарды азайтуды бастадық. Бүгінгі таңда біз шығындарды 146 млрд теңгеге қысқарт-тық. Соның ішінде күрделі шығындарды 103 млрд теңгеге, операциялық шығындарды - 26 млрд теңге, әкімшілік шығындарды - 17 млрд теңгеге азайттық.

Әлі де қысқартамыз.

«ҚазМұнайГаздың» орталық аппаратында көптеген өзгерістер жасадық. Оргструктураны қайта қарап, персонал санын **34 пайызға** қысқарттық. Өздеріңіз білесіздер, бұрын бізде **22** басқарушы (управляющий) директор болатын. Қазір біреуі де жоқ. **60** департамент болатын, оларды да қысқартып-қысқартып, **20**-сын қалдырдық.

Компания басшыларының жалақысы **30 пайызға** қысқарды. Орта деңгейдегі басшылардың жалақысы **20 пайызға** қысқарды. Ал қалған қызметкерлердің жалақысы өзгеріссіз қалды.

Одан бөлек, біз премиядан бас тарттық. Жыл соңына дейін қалған тоғыз айда ешқандай премия, ешқандай бонус болмайды.

Осының бәрін қосқанда, біздің басшылардың табысы **50 пайызға** қысқарды. Осылайша, біз ФОТ бойынша **5 млрд теңге** экономия жасадық.

Ал енді еншілес кәсіпорындарға келетін болсақ. Мен жаңа айтып өттім, өндіріске қатысы жоқ шығындардың барлығын қысқарттық. Тағы қандай шығындарды азайтуға болады? Енді оны жағдайға қарап көре жатармыз.

Бірақ біз өндірістік персоналды қысқартайын деп жатқан жоқпыз. Тағы да қайталап айтамын, біздің міндетіміз – өндірістегі жұмыс орындарын сақтап қалу.

Өздеріңіз жақсы білесіздер, ОПЕК келісіміне байланысты, біз мұнай өндіру көлемін қысқартуымыз керек. Соған байланысты бізге жұмыс көлемін қысқартуға тура келеді. Сондықтан, жұмыс сағаттарының санын қысқартуымыз әбден мүмкін. Бірақ та өндіріс басында жұмыс орындары сақталады.

Сіздерге айтайын дегенім, персоналды қысқарту туралы әзірге ешқандай тапсырма болған жоқ. Бірақ соған қарамастан, Сіздер өз компанияларыңыздың оргструктураларын қайта қараңыздар. Орынбасарлар мен басқарушы директорлар саны көп болмасын. Мүмкін біздер сияқты басқарушы директор қызметін алып тастайсыздар. Барлығын мұқият қараңыздар.

Жер жердегі өкілдіктерді жабу және қызметтік машиналардан бас тарту мәселесін де қарауды тапсырамын.

Сондай-ақ барлық басшыларға сатып алу мәселесін өздері қадағалап, артық ақша шашпауды тапсырамын.

Сөз соңында айтарым, бұл жағдай бәрімізден жауапкершілікті талап етеді. Мұндай жағдайда барлығымыз бірігіп, алға қойылған міндеттерді тез әрі тиімді шеше білуіміз керек.

COVID-19

# «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

**Құрметті әріптестер!**

Бүкіл әлем және біздің еліміз коронавирустық инфекцияның пандемиясына байланысты қиын жағдайға тап болды. Бұл ауру адамдардың қалыпты өмір сүру тәртібін бұзды, әлемнің барлық елдерінің экономикаларына елеулі зиян келтірді. Наурыз айында Қазақстанда COVID-19 табылғаны туралы алғашқы дабыл хабарлары пайда болған кезден ақ, "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ аурудың таралуына жол бермеу шараларын қолға алды: жедел штаб құрылды, іс-шаралар жоспары әзірленді, қажетті медициналық қорғаныс құралдары сатып алынды, қызметкерлердің жұмыс кестесі өзгерді, автостанцияларға кен орнына шыққанға дейін, тепловизордың көмегімен барлық қызметкерлер дене қызуын өлшеуді жүргізе бастады және тағы басқа шараларды жедел қолға алған болатын. Алайда, өкінішке орай, барлық жасалған қадамдарға қарамастан, COVID-19 пандемиясы біздің компанияны да айналып өтпеді: 29 мамырда аталмыш вирус "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ қызметкерінен табылды. Бұл ауру қауіпті, кейде симптомсыз өтеді, белгілі бір уақыт ішінде инфекция тасымалдаушысы жұқтырғанын білмеуі мүмкін, ол адамда жоғары температура, жөтел және басқа да COVID-19 белгілері болмайды, бірақ бұл ретте ол вирусты айналадағылар арасында таратуды жалғастыра беруі ықтимал ауру.

2-маусым күнгі мәлімет бойынша, COVID-19 диагнозы Қаламқас кен орнындағы 10 адамда расталды, олар біздің қызметкерлер, сондай-ақ сервистік компаниялардың жұмысшылары. Олардың барлығы Ақтау қаласындағы инфекциялық стационарға жатқызылды. Сондай-ақ мұнайшылар арасынан жақын байланыста болған адамдар да оқшауланып Қаламқас кен орнындағы провизорлық үй-жайларға орналастырылды, олардың барлығынан COVID-19 бар-жоқтығы анықталатын зертханалық талдаулар алынды. Сондай - ақ, ауырып қалған қызметкермен байланыста болуы мүмкін тұлғалар анықталды, олардың барлығы жатқахана блогында медициналық қадағалауда (блок уақытша карантинге жабылды).

**Құрметті әріптестер**, біз сізден үрейге берілмеуді сұраймыз! Коронавирустық инфекция таралған жағдайда кен орындарында карантин жағдайына "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-ның дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында барлық обсервациялық үй-жайлар алдын ала дайындалып, барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілді. Қаламқас кен орнында азық-түлік пен дәрі-дәрмектердің стратегиялық қоры жеткілікті.

Осы қиын кезеңде, біз COVID-19 шалдыққан науқас әріптестерімізге шынайы қолдау білдіреміз: Сіздерге тез арада сауығып кетуді тілейміз, тәжірибе көрсеткендей, ауруды жеңуге болады! Жақын арада сіздермен аман-сау қауышамыз деп сенеміз! "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ өз тарапынан барлық міндетті көмекті көрсетіп, қолдау шараларын алады.

ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 30 мамырдағы №38 Қаулысына сәйкес және аумақтық қадағалау органдарының ұсынысы бойынша компания басшылығы мен жергілікті мемлекеттік органдардың ерекше өкімі болмаса, Қаламқас кен орнына кіруге және шығуға тыйым салынған (персоналдың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін автокөлікті қоспағанда). Бұл адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне байланысты амалсыз шара. Қазір кен орнында ауруды тоқтату үшін барлық шараларды қабылдайтын денсаулық сақтау басқармасының, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мамандары жұмыстануда.

**Құрметті әріптестер,** осыған байланысты Сізден мамандар тарапынан талап етілетін барлық шараларға түсіністікпен қарап, сондай-ақ дәрігерлердің ұсынымдарын мүлтіксіз сақтауларыңызды сұраймыз.

Коронавирус - бұл әзіл емес, ойдан шығарылған өтірік емес, бұл шекараны таңдамайтын, ұлтқа, жасқа, жынысқа және мәртебеге қарамайтын нақты ауру. Мысал ретінде кейбір кен орындарында болып жатқан жағдайларды алсақ болады. Сондықтан, құрметті әріптестер, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың барлық ұсыныстарын мүлтіксіз орындауға, қажетті санитарлық нормаларды сақтауға тағы да шақырамыз.

Осы қиын кезеңде бізге ортақ қауіп-қатердің алдында топтасу, бірігу, үрей мен арандатушылыққа берілмеу маңызды. Барлық қабылданатын шаралар мен алдағы уақытта қолданылатын шаралар тек егер біз ынтымақтық, ағымдағы ахуалдың күрделілігін түсінетін болсақ қана нәтиже береді.

Қазір біздің әрқайсымызға азаматтық жауапкершілік танытып, өз денсаулығымызды және өз жақындарымыздың денсаулығын сақтау өте маңызды. Бірлескен күш-жігермен біз кез келген қиындықтарды жеңе аламыз! Біріксек, алынбайтын қамал жоқ!

**Біз біргеміз!**

**Құрметпен,**
**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы**

# COVID-19: ЧТО НЕОБХОДИМО ЗНАТЬ!

Вирус COVID-19 распространяется воздушно-капельным путем, путем простого контакта при прикосновении руками к предметам загрязненным вирусом и далее от рук ко рту, к глазам, к носу. Когда больной человек чихает или кашляет, выделятся слизь в виде аэрозоля, в одной мельчайшей капельке этого аэрозоля содержатся десятки тысяч вирусов, которые могут проникать в дыхательные пути рядом находящегося на расстоянии до 2-х метров здорового человека. Также вирусы оседают на различные предметы и могут сохраняться живыми до 7 суток в зависимости от окружающей температуры, влажности, освещенности и т.д. Чем глубже проникает возбудитель в дыхательные пути (бронхи, легкие), тем тяжелее протекает заболевание.

Симптомы КВИ сходны с симптомами банального ОРВИ и гриппа, т.е. это чихание, кашель, першение в горле, повышенная температура, слабость, затрудненное дыхание. Диагноз КВИ ставится только на основании лабораторных анализов. В связи с этим любой человек с симптомами ОРВИ экстренно госпитализируется в инфекционный стационар для исключения или подтверждения КВИ. Имеющие место летальные исходы объясняются в основном поздним обращением за медицинской помощью и развитием пневмонии с тяжелой дыхательной недостаточностью, а также осложнениями сопутствующих хронических болезней, преклонным возрастом заболевших.

Меры профилактики КВИ следующие: как можно меньше близко контактировать с другими людьми, держаться от них на расстоянии более 1-2 метров, тем более избегать тесных контактов с больными ОРВИ. Не посещать массовых мероприятий. Если у вас кашель, чихание и т.п. следует носить медицинскую маску почаще ее менять, при кашле и чихании прикрывать лицо рукой, носовым платком и как можно быстрее обратиться за медицинской помощью, вызвав скорую помощь. Мыть руки с мылом, а лучше спирт или хлорсодержащими дезсредствами, касаться руками лица только после дезобработки. В случае появления симптомов ОРВИ их не скрывать, а сразу обратиться к врачу.

В настоящее время в мире ситуация по COVID-19 остается неблагоприятной. Там где государства вовремя не отреагировали на пандемию отмечается резкое увеличение количества заболевших и смертных случаев от КВИ. В соседней России в республике Адыгея недавно в одном из аулов примерно 500 человек собрались на похоронах, нарушив режим самоизоляции. В результате 150-160 человек заразились КВИ, один человек впоследствии скончался. Тяжелая обстановка на месторождении Тенгиз, где количество зараженных уже превысило 1000. Эти случаи возникли из-за нарушения мер профилактики. Можно привести еще много таких примеров. Также надо иметь в виду, что имеются люди с бессимптомным течением болезни, которые могут заразить других сами не зная об этом.

Берегите себя и своих близких!

**М. Нургалиев,**
**главный врач Врачебной амбулатории**
**на месторождении Каламкас**
**Филиала ТОО «ИНСТИТУТ ХИРУРГИИ»**

# БДИТЕЛЬНОСТЬ ТЕРЯТЬ НЕЛЬЗЯ!

**Руководство и работники Транспортного департамента АО «Мангистаумунайгаз» продолжают реализацию комплексных мероприятий по недопущению распространения коронавирусной инфекции (COVID-19).**

По словам начальника автопарка Еркина Онгалбаева, ежедневно перед выездом на линию и при возвращении все водители автомобильной колонны (г.Актау, Каламкас и Жетыбай) проходят усиленные предрейсовые и послерейсовые медицинские осмотры, в том числе с обязательным замером температуры (осмотр проводят медработники ТОО «Институт хирургии» MEDITERRA в специально выделенном кабинете). Кроме того, ежедневно проводится усиленная обработка специальными дезинфицирующими средствами салонов автобусов и микроавтобусов (дезинфекционные работы проводят специалисты ТОО «Институт хирургии» MEDITERRA).



Все работники АО «Мангистаумунайгаз», направляющиеся на месторождения Каламкас и Жетыбай (вахта) при входе на автостанцию обеспечиваются медицинскими масками и перчатками, проходят обязательную регистрацию, с указанием Ф.И.О., должности, контактных данных и количества членов семьи. При отправке с помощью стационарного тепловизора проводится замер температуры у всех работников (медицинский специалист ТОО «Институт хирургии» MEDITERRA наблюдает за состоянием людей через монитор видеонаблюдения, подключенный к стационарному тепловизору).

Стоит отметить, что изменена рассадка работников на вахтовые автобусы: в транспортных средствах, рассчитанных на 45 мест, с целью сохранения социальной дистанции, рассаживаются по 22-23 человека, для этой цели задействованы дополнительные автобусы.

Работники автомобильной колонны Жетыбайского участка Транспортного департамента в количестве 35 человек, осуществляющие ежедневную транспортировку автобусами сотрудников на месторождение, обеспечиваются одноразовыми медицинскими масками и перчатками два раза в день.

Усилены санитарные меры во всех административно-производственных помещениях автоколонны (г.Актау, Каламкас и Жетыбай).

В целях соблюдения программы АО «НК «КазМунайГаз» по оптимизации затрат произведен возврат арендодателю - ТОО «Технотренинг» - 7 единиц



арендованной автотехники, 12 единиц автотехники закрепленной за руководителями департаментов и служб головного офиса г.Актау АО «Мангистаумунайгаз» возвращено ТОО «Кулан и К». В результате данной оптимизации: высвободившиеся автомобили автоколонны г. Актау переданы в другую автоколонну Транспортного департамента для обслуживания на месторождениях Каламкас и Жетыбай, а высвободившиеся водители закреплены за оставшимися арендованными автомобилями (при этом тариф ставка арендованных автомобилей изменена на позицию - «Без водителя»), также был отменен закуп услуг аренды 16 единиц пикапов для ПУ «Жетыбаймунайгаз».

Руководство и работники Транспортного департамента и впредь будут неукоснительно придерживаться разработанного Плана мероприятий АО «Мангистаумунайгаз» по профилактике и недопущению распространения коронавирусной инфекции.

*Еңбекпен есейген Ерлер*

# ЕҢБЕГІ ЕСКЕРТКІШКЕ БАРАБАР

## мұнайшы Хадиша Нұрашева туралы мөлтек сыр



Хадиша Нұрашеваның кіндік кескен атақүлдігі - Жетібай кенті. Ол дүниеге келген 1965 жыл Жетібай мұнайының даңқы алысқа озған тарихи кезең еді. Мұнайшы Демеудің шаңырағында өсіп келе жатқан кішкене бүлдіршін қызбен бірге Маңғыстау да түлеп, Жетібайға ілесе, Қаражанбас, Қаламқас сияқты ірі мұнай-газ кен орындарына қоса жер-ананың төсінен жеделқабат кенорындар бірінен соң бірі ашылып жатты. Байлық шыққан жерден несібеге қоса атағы жер жарған мұнайшылардың аты да дүмпіп тұрды. Хадишаның ғана емес Жетібайдың тоқал тамдарының арасында шыбықты ат қылып мініп, онсыз да шаңы бір басылмайтын шолақ көшелерді құйынға қосылып шаңытып жүретін бала біткеннің естігені де, бойына сіңіргені де осы мұнай мен мұнайшының хабары. Үйде де әкесі Демеудің Жетібайдағы алғашқы мұнай бұрқағы туралы, өзінің көзбен көргені, куә болғаны да өз алдына ертегі іспеттес бір хикая. Әкесі сонда бала қиялында баяғының отпен алысқан батырларындай көз алдында зорайып бара жататын...

Құдды иіліп, сәлемін салып тұрған жаңа түскен жас келіндей қырдың төсінде качалкалар да бала қызбен бірге күн санап көбейіп жатты. Осының бәрі жеткіншек Хадишаның өмірлік ұстанымын айқындап берді десе болады. Балаң арманына тезірек жеткісі келіп, 9-сыныпты бітіре салысымен, облыс орталығындағы №11 қалалық кәсіптік техникалық училищесіне оқуға асықты. Таңдағаны – мұнай газ операторы мамандығы. Оқуды оқи жүріп, Жетібай мұнай-газ өндіру басқармасынан өндірістік тәжірибелерден өтті де 1983 жылы осында келіп №1 мұнай газ өндіру цехына орналасты.

О тұста өндіріске келген жас маманды тәжірибелі мамандардың қарамағына бекітіп тастап, тәлімнен өткізеді. Хадишаның бағына өз ісінің хас шеберлері Нафира Медетбаева мен марқұм Кесікбай Қонысбаев ағай тап келді. Өздеріне шәкірт болып бекітілген жас маманға мол тәжірибелерін, барлық білім-біліктерін, мұнай саласының сырын бүге-шүгесіне дейін санасына сіңіріп, еңбекке деген құштарлыққа баулыған ұстаздарының алдынан үйренгені әлі күнге сабақ. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, талапты маман аз уақыт ішінде ысылған кәсіп иесіне айналды.

Ол кездегі өндіріс бүгінгі өндіріс емес, жағдайы мәз емес. Күні-түні качалка аңдыған, май алып, май тапсырып жататын мұнайшылардыкі бір жанкешті тірлік еді. Жұмыстың қиындығын да көрді, үй көрмей кететін, топтық қондырғының басында түнеп, қонып қалған кездері, қыстағы үскірік аяз бен шілденің шыжыған ыстығындағы кирзі етікпен жүрген бейнет қазір көрген түстей. Бүгінде техниканың дамыған заманының рахатын көріп жатқаны бар, басшылықтың барлық жағдаймен мұнайшыны қамтамасыз еткені бар - жұмыс процесі анағұрлым жеңілдеді.

Өзі еңбек ететін 23-топтық қондырғының жұмысы қарқынды. Негізгі қызметі – мұнай өндіретін ұңғылардың сальниктерін, ременьдерін қадағалау, қысымды өлшеу, ұңғылардың кідіріссіз жұмыс жасауын қамтамасыз ету, качалкадан құйылып келіп, арнайы ыдыстарға келіп құйылған мұнайды есептеп әрі қарай жолдау сияқты толассыз тірліктер. Хадиша Демеуқызы осы бағытта жүктелген міндеттерді тиянақты атқарып келеді, білімін жетілдіріп оқып, жаңа техниканың тілін меңгеріп, сапалы жұмыс жүргізіп жүр. Өндірістік процесті ұйымдастыруда өзін біліктілігі жоғары маман ретінде танытты. Жоғары кәсіптік деңгей және өз ісіне деген жауапкершілік оған жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Ол бар жиған тәжірибесін әріптестерімен бөлісіп, енді баяғы Нафира апай мен Кесікбай ағайы сияқты өзі де жас мамандарға да тәлімгер болуда. Қанында бар тұрақтылық пен еңбексүйгіштігінің шығарған ұшпағы - ұжым арасында зор құрмет пен беделге ие. Қарамағына келген жастар осы жерде тапжылмай 38 жыл жұмыс істеп келе жатқанын естіп, Сізге осы топтық қондырғы басынан «ескерткіш» қою керек деп әзілдейді екен.

- «Жас кезімде жұмыстың қиындығын айтып, ата-анама наз қылып арызды көп айтатын едім. Содан бір күні әкем: «Балам, адам-пенденің басына не келіп, не кетпеген?! Барлығына көн, шыда. Сол кезде ғана сен діттеген мақсатыңа жетесің, ақ адал наныңды жейсің», деген еді. Айтқанындай, бүгінде осы жерден астатөк мол нәсібімді жеп, аузымыздан ақ май ағып отырған жайым бар. Шүкір, бәріне де тәубе деп отырамын деген Хадиша апай бізбен әңгімесін онан әрі сабақтап:

- Мұнайшы болсам деп бала күнімнен аңсаған арманыма жетуім бір жетістігім болса, ана атануымды да Құдайдың берген басты бақыты деп білемін. Үкілеген үмітім қызым – Айгерім, 7-сыныпта оқиды, оқу үздігі, мәнерлеп оқудың шебері, кино-байқауларға жиі қатысып жүреді, актерлік жолды армандайды. Бар тілегім – баланың бақыты, елімнің амандығы, туған Жетібайымның әлі де сонша буын ұрпаққа берер ырысынан арылмауы», - деп сөзін түйіндеді.

Хадиша Нұрашеваның ұзақ жылғы еңбегінің еленгені - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Құрмет грамотасы, «Қазақстан мұнайына 120 жыл» медалі, «Маңғыстау мұнайының 50 жылдығы» және тағы да сол сияқты бірнеше марапаттары.

Отбасына ұйытқы болған, замандастарына сыйлы, өзінен кейінгілерге ақылшы болған – ана Хадиша, мұнайшы Хадиша апамыз осындай адам. Осындай жандар барда – еңсе биік, көңіл шуақты. Лайым, аман жүріңіз Жетібайдың Хадишасы!

# СУШЫ ЖАНҚҰЛ

Мұнай деген сөзді естісек, әдетте, оны мұнай өндіру операторлары мен толассыз жұмыс жасап тұрған ұңғылармен байланыстыратынымыз жасырын емес. Есіңізде ме, бала кезімізде оқыған көне Шығыс мифологиясындағы он, жиырма қолы бар кейіпкерлер – төрт қолды Шива құдайы, 20 қолды, жеті басты сан бейнелер боп жалғаса беруші еді ғой... Мұнай өндіріп жатқан алып кәсіпорын да осы іспеттес әсер қалдырады, кейде. Өндірістің суығына тоңып, ыстығына күйіп, мұнай игеруде жанкештілік танытып жүрген өндірістің білікті мамандары – геолог, механик, энергетик, такелажшы, дәнекерлеуші, ұста, слесарь, аспаз, дәрігер, есеп-қисап мамандары, тіпті біз сияқты тілшілерге дейін - мұнай сахнасының сыртындағы осы жандардың барлығының үндескен қимылы алапат күшке айналып, «Маңғыстаумұнайгаз» деген алып кемені алға жылжытып келеді.



Осы кеменің ішіндегі бар қайрат-күшін аямай ел игілігіне жұмсап келе жатқан қарапайым жандардың бірі - **Жанқұл Балықбайұлы Мұсабаев.** Ол «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, ТСДЦ, 4-дәрежелі химиялық-су тазалау аппаратшысы қызметін атқарады.

Жанқұл Балықбайұлы 1957 жылы Тұщықұдық ауылында туған. Ұлы Отансоғысына қатысқан Мұсабаев Балықбай ардагердің ұлы. Әкесі сұрапыл соғысты өз көзімен көріп, қан майданнан аман-сау оралып, совхоздың маңдайалды шопаны болды. Сол еңбегімен алыс-жақынға әйгіленіп, үздік деген атағы шықты. Қан майданды көзбен көріп келген әке, 9 баласын да темірдей тәртіппен тәрбиелеп, оқытты. Көпбалалы отбасы сол кезеңге тән барлық қиындықтардан бірге өтті. Барлығы да интернатта жатып білім алды. Әйгілі Шерхан Мұртазаның «Интернат нанындағыдай» жағдайлардың көпшілігі бастарынан өткен. Жанқұлдың пайымында, интернат балалары аз ғана тамақты қанағат етіп, белгілі бір тәртіпке бағынады, алыстағы ата-анасын, бауырларын сағынып жүріп, қасындағы жолдасымен бір құртты бөліп жеп, көпшіл, бауырмал болып ержетеді. Мұны өзі де өмір бойы сезінеп келеді.

Жанқұлдың мектеп бітіруі өңірдегі комсомол ұйымының бастама көтеріп, мектеп бітіретін жастарды қой шаруашылығын өркендетуге шақырған тұсына қатар келді. Бозбала Жанқұл комсомол жастар бригадасына алынып, жұмысқа тұрады. 1976 жылы Кеңес әскері қатарына алынғанша өзі құралпы құрбы-құрдастарымен қыр төсіндегі қызу еңбектің де белортасында болды. Отан алдындағы борышын Арқалық қаласында өтеген екі жылы жігіттікті, қайратты сынаған өмірінің бір белесі ретінде әлі күнге санасында жаңғырып тұр.

1979 жылы «Қызылқұм-Қиякты учаскесі» су айдайтын станция ашылуы мұнай кәсіпшілігіндегі елеулі оқиға болды. Әуелде Қаражанбас, Қаламқас кенорындарына су жіберу үшін құрылған бұл учаске, кейіннен толықтай Қаламқас кенорнын сумен қамтамасыз етуге көшеді. Кенже ұлдың болашағын ойлап, қам жеген әке жетелеп жүріп Жанқұлды сол жерге химиялық-су тазалау аппаратшысы етіп жұмысқа тұрғызады. Ол уақыттан бері де 40 жылға таяу уақыт өтті. Жұмыстағы жауапкершілікті сезініп еңбек ете жүріп, ел қатарлы жоғары оқу орнын бітірмесе де, біліктілік көтеру курстарына қатысып, сертификат, дипломдарын да түгендеп қойған жайы бар.

«Көзімді ашқалы көргенім – шаруаның жайы, мал бағу, оның жағдайын жасау болды. Солай жүріп, оқуға да мүмкіндік болмады, бірақ балаларымның несібесіне осы жұмысқа орналастым. Қазіргі міндетім - суға химиялық тазалау процесін жүргізу, су дайындау агрегаттары мен конденсатты тазалау аппараттарына қызмет көрсету және жұмысын реттеу, бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін қадағалау, конденсатқа, буға, қоректік және отын суына химиялық талдау жүргізу, жабдықтар мен коммуникациялардың жұмысындағы ақауларды анықтау және белгілеу. Қаламқастағы жатақханаларға да, асханаға да барлық мақсатқа жұмсалатын суды тазалау – маңызды шаруа деп білемін. Аз ғана уақытты артқа тастасам, зейнеткерліктің де ауылы алыс емес. Осынау жылдар ішінде Компания тарапынан тек қолдау көріп келеміз, бір баламды Алматы қаласында тегін оқытуға мүмкіндік берді. Барлығы да Тәуелсіздіктің, тыныштықтың арқасы. Ылайым, еліміз аман, аспанымыз ашық болсын деген тілегім бар дейді» - Жанқұл ағамыз.

Әрине, қай салада болмасын жұмыстың тиянақты жүруі осындай еңбегі ерен, тірлігі адал Жанқұл ағамыздай азаматтардың арқасы. Кемедегінің жаны бір дейді көнеден келе жатқан ұлағат. «Маңғыстаумұнайгаз» сынды алыптың желкенін желге керіп келе жатқан бірлігі жарасқан төрт мың адамның арасында Жанқұл Балықбайұлының қажыр-қайраты барына – оның туған компанияда өтіп келе жатқан еңбек жолы, Компания тарапынан әр жылдары ие болған түрлі марапаттары куә!

# ҮЙ ТАПСЫРМА



**Еліміз екі айдан аса уақыт атышулы індеттен сақтанып, үйде отыруға мәжбүр болуда. Осынау сын сағатында адамдардың бірі кітап оқыса, енді бірі бос уақытты кино, сериалдар көруге, жанұя мүшелеріне түрлі тәттілер пісіруге жұмсауда. Ал, кейбіреулер онлайн сабақтар оқып, білімдерін жетілдіруде.**

Сондай ізденімпаз жандардың бірі, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, Автоматтандыру, ақпараттық технологиялар мен байланыс департаменті, ақпараттық деректер қоры бөлімінің электрондық құжат айналымы жүйесі бойынша сүйемелдеу тобының 1 санатты инженер-бағдарламашысы Сүйеуова Гаухар үйде отырып-ақ, спортпен шұғылдануға болатынын дәлелдеп жүр. Ол инстаграмдағы жеке парақшасы арқылы жүздеген қыз-келіншектермен бірге тікелей эфирде түрлі жаттығулар жасайды. Мақсаты – карантиндегі бос уақытты тиімді пайдаланып, артық салмақ қоспауға шақыру, адамдарға мотивация беру. Негізі өзі бұрыннан фитнестен, йогадан сабақ береді, жеке топта талайларға тәлім беріп жүрген ұстаз. Сондай-ақ, бос уақытында жетістікке жеткен тұлғалардың тренингтеріне қатысып, өз-өзін дамытумен де айналысады, шетелдерге саяхаттағанды ұнатады. Балаларын тәрбиелеп отырған қамқор ана. Гаухар қашықтан жұмыс жасаудың қолайлысы отбасына, өзіне, сүйікті ісі - спортқа көңіл бөлуге мол мүмкіндіктер бергенін атап өтті. Бұған қоса, отбасы құндылықтарына баса мән беріп, уақытты бағалауды үйренді, бейбіт күннің маңыздылығын ұғынды.

- «Кез келген ауруға қарсы тұру үшін тән мен жан саулығына мән берген абзал. Сонымен қатар, дұрыс тамақтанудың да әсері мол деп ойлаймын. Мен үшін – өмірдің өзі қозғалыс. Дене жаттығулары адамның көңіл-күйін ғана көтеріп қоймайды, қан айналым жүйесін жақсартады, біраз аурулардың алдын алады. Дәл осылай бос уақытты тиімді пайдалануға болады. Шынықсаң – шымыр боласың демекші, дене жаттығуы адам баласына қашан да, қай жаста да пайдалы» - дейді Гаухар Амантайқызы.

Әріптесіміздің салауатты өмір салты бағытындағы ұстанымы барлығымызға да үлгі болары сөзсіз. Дөңгеленген дүние де тек мәңгі қозғалыспен мәнді емес пе?

**Акшаева Арайлым**




**Биыл Бекет Ата Мырзағұлұлының туғанына 270 жыл. Рухани ілімге шөлдеп отырған мына кезеңде Тәуелсіз елдің жастарын тәрбиелеу үшін, Тәуелсіздікті баянды ету үшін, рухани бірлікті - тілің, ділің, дініңді тұғырлы қылу үшін Бекет Ата сынды ұлттық деңгейдегі ұлы тұлғаның ілімі қажет. Бүкіл қазақ қоғамын біріктіретін үлкен шара - Атаның 270 жылдығына орай «Мұнайлы өлке» газетінің бүгінгі санында Ұлттың Абызы Әбіш Кекілбаевтың Бекет Ата туралы толғауы тоғыз тарау қос мақаласын назарларыңызға ұсынамыз!**

# ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ: ЕЛ ИЕСІ, ЖЕР КИЕСІ

*(Қабиболла Сыдиықұлының «Бекет Ата» кітабына жазған алғы сөзі)*

Аспан мен жер арасындағы тіректің сыр сипатына түсініп болдық деуге әлі ерте. Тіршіліктің түп бастауы қайда? Ол қалай салқар арнаға айналды? Бастауы бар құбылыстың ақыры да бола ма? Ендеше, мұншама жүйелі дүниеге осынша сындарлы сипат дарытып отырған күш қандай? Барлығына тыңғылықты жауап тауып болған жоқпыз. «Табамыз» деп дәмету де, бәлкім, күпірлік шығар.

Әзірге түсінгеніміз: адамзат дүниеге жаратылып, су аққалы өзін табиғаттан бөлежарып қарай алмаған. Қалған табиғаттан айырмашылығы түсінсе де, астам тұрмын деп ойлай алмаған. Ал ондай күпірлікке бой алдырған кезде өз басына өзі тауан тілеп алған. Сөйтсе, астамшылық – азғындық екен. Сондай астамшылықтан тыйдыра алатын заңдылықтарды Тәңірі деп, Жаратқан деп, Құдай деп таныған. Әр асқанға бір тосқан мәңгілік жарасымның кепіл қағидасы. Одан туындайтын мың сан қисынды аз күн тіршілік кешетін пенде шіркіннің түйсігіп, түсініп, меңгеріп, бұлжымас қағидаға айналдырып, бұлтартпай ұстанып үлгере бермеуі де ықтимал. Алайда, сол түп бастау Жарасым мен Заңдылықтың жер үсті Сақшылары тіпті болмаған деп ойлау ақылға сыймас нәмарттық болар еді.

Ондай Абзал Ақыл Иегері болған! Болғанда қандай! Бола бермек те!

Қолыңыздағы кітап сондай Дара Парасат, Дара Рух, Дара Шарапат, Дара Шапағат иесі хақында ел жадындағы кептерді баян етеді.

Жаппай бірдейлікті әспеттеген Кезеңде Даралық атаулы мансұқ етілді. Айырықшалық атымен ғайбатталды. Айырықша икем, айырықша ықылас, айырықша қабілет, айырықша ыждаһат, айырықша қасиет атаулы түгел жоққа шығарылды. Сондай жаппай иманнан безген кісәпір заманда Атырау мен Арал, Орал мен Копет-Даг арасын алып жатқан ұлан байтақ өлкенің ежелгі тұрғындары қасиетті Бекет атаға бағыштап бір ауыз қиянат сөз айта алмаған, зәредей де қиянат қылық жасай алмаған. Бұл өлкедегі әр шаңырақ қуанған кезінде де, құлазыған кезінде де алдымен Бекеттің атын ауызға алған. Бір кезде осынау кең байтақ өлкеге жан-жақтан көз алартқан басқыншыны оның атын айтып ұрандап, оның ұрпағына ту көтертіп, қол бастатып тойтарыс берген. Біздің талай әкелеріміз бен ағаларымыз кешегі қан майданда жан алқымға келгенде де медет сұрап, көз жұмғанда да артындағы шиеттей ұрпақты оған аманат қып қалдырғаны кәміл.

Жақсы заманда да, жаман заманда да оған деген ел сүйіспеншілігіне қылау түсіп көрген жоқ.

Өйткені, ол тірісінде елінің жел жақтағы Панасы, ық жақтағы саясы бола білген Азамат. Жаудан елді арашалаған Батыр. Дауда әділетті арашалаған Қазы. Озбырлықтан обал мен сауапты арашалаған Пірәдар.

Оның қыранның қанаты талар қиян даланы жайлаған Ата Жұртының, Ата Мекенінің барлық шекарасында қырандар түлек түлететін қия шыңдардан өз қолымен тас қашап, тауды үңгіп, жер асты ғимараттар салып, мешіт-медреселер ашуы да ескі аңыздардағы Прометей мен Фархадтарды, Киелі кітаптардағы Мұса мен Әзірет Әліні еске түсіретіндей ерен ерек. Шөл кезіп, еріні кезерген еліне асасының ұшымен тас шұқып, кәусар бұлақ тауып берген Мұса пайғамбардай Маңғыстау мен Үстірттегі Бекет Атаға байланысты жердің бәрінде де балдай бұлақ, көк құрақ, маңыраған арқар, таутеке. Олар – Елдіктің шебі. Елдіктің тері. Оларды жауға алдырған жұрт Ел болып тұра алмайды. Ондай Елдік Намыс пен Иман Ұяларын қастер тұта білмеген жан иесі қатарға кіріп, адам санатына еніп, жер басып жүре алмайды.

Елі мен Жерін шексіз сүйген асыл Азамат, Абзал Адамды Елі де шексіз сүйеді.

Бекет Атаның басты құдіреті – міне, осында. Өйткені, ол – көзінің тірісінде қиянатқа жол бермес Әділдіктің, күпірлікке жол бермес Адалдықтың, қараулыққа жол бермес Шапағаттылықтың, қатігездікке жол бермес Мейірімділіктің, арсыздыққа жол бермес Парасаттың асқан үлгісін танытып, үлкен-кішіні, алыс-жақынды, дос пен дұшпанды түгел мойындатқан адам.

Адалдықтан асқан құдіреттіліктің, әділеттіктен асқан әулиеліктің болуы мүмкін бе? Мейірімнен асқан кие, Парасаттан асқан қасиет болушы ма еді?

Ендеше, сондай асыл перзент таба алған, тауып қана қоймай, асылдығы мен абзалдығына бола Өз перзентін өзі Пір тұтқан халқыңнан қалай айналмассың?! Ондай ұлдарын өлімге қимайтын Елдің өзі де өлмейді. Өткендегілердің өсиетін, тірілердің арман-ниетін қастерлеп, өмірлік мұрат еткен өнегелі ел өліге бас игенмен, өлімге бас июші ме еді?!

Ендеше, сондай асқақ жұртының ақаршақар шың басындай тәкаппар жүрегінен мәңгілік жәннат тапқан әлсізге – Медет, күштіге – Айбар, зарыққанға – Жебеу, тарыққанға – Демеу, асқанға – Тосқан, сасқанға – Сая, ұрпаққа – Ұстаз, ұлысқа – Ұран, Ел Иесі, Жер Киесі Пір Атаға қанша тағзым қылсаң да артық емес деп білеміз.

Өйткені, атасыздық – отансыздық, отансыздық – опасыздық, опасыздық – имансыздық. Ал имансыздық еліңнен, жеріңнен безінтіп қоймай, өзіңнен де безіндірері сөзсіз. Өзінің қадірін білмеген ненің қадірін білуші еді?! Ештеңенің қадірін білмеген – ешкімді де қарық қылмайды. Құдай тек сондайдың бетін аулақ қылғай!

Ал, Өткенде Жақсылардың болғанына сенетін адам Бүгінде Жақсылардың барына сенеді.

Ал, Жақсылардың барына сенетін Адам өзі де Жақсы болуға тырысады.

Ал, Жақсы болудың Жақсылық Жасаудан басқа жолы жоқ.

Ал, Жақсылық жасаудың Жаман атқа Ілігуден аулақ болудан басқа жолы жоқ.

Ләйім, әрқайсымызды, бәрімізді, жалпақ жұрт жамағатымызды Жаманаттан, Жаман Аттан сақтағай!

Жақсы Тілегімізді жөн тыңдап, жөн түсінер Жақсы Құлақтар мен Жайсаң Жүректер көбейе бергей!

***«Арыс» баспасы, 1994 жыл***



# ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРЫЛҚАУШЫСЫ

***(Атырау облысы Жылыой ауданында Бекет Мырзағұлұлының туған жері Ақмешітте Атаның 260 жылдық асында оқыған баяндамасы)***

Жарықтық Пір Бекет тегін жерге мешіт салмайды ғой. Айналаға қараңыздаршы. Батысында – Сарайшыққа жеткізіп, Еділ асырар Бақашы өткелі; Шығысында – Үргенштен Үстірт арқылы келе жатқан көне сауда жолы; Ортасында теңізге асыққан ақ түтек. Атамыздың иткөйлегін жуған су – Жемнің аяғы. Әу бастан-ақ дін Ислам бұл өлкеге осы арадан аяқ басқан. Көне кітапқа үңілейікші: «Түйе терісінен істелген бөстектерді алып, жерге жайдық. Әбден уқалап, керіп, создық. Ішіне киім-кешек тығып, толтырдық. Сосын қампиған мес бөстектерді суға салдық. Әрқайсысына төртбес кісіден жайғастық. Алғашында шыр айналып бір орында тұрып алды. Артынан ағысқа ілесіп, зымырай жөнелді... Жем өзенінен осылай өттік», – деп жазыпты 922 жылы Еділ бойындағы пешене-бұлғар Қалдар Әлмүшті Исламға кіргізіп қайтқан Бағдат елшілігінің хатшысы Ибн Фадлан. XII ғасырда моңғол келді. Бүкіл Дешті Қыпшақ Алтын Ордаға айналды. Бату – буддист. Сартақ – христиан. Ұлақшын мен Тудаменгі Батудың христиан әйелі Борақшынның сүйікті немерелері. Тек Берке ғана енесінің құрсағынан мұсылман болып туыпты. Кәпір арасында жүре алмаймын деп Бұқар асыпты. Джалаладдин Кубраның жолын қуушы шейх Сайфеддин Бахарзидан тәрбие алыпты. Бір күні ұстазы: «Еліңнен бүлік шықты. Барып қорғап қал!» – депті. Берке жолға шықты. Қаракөлге дейін соңынан сегіз адам ереді. Сарайшыққа дейін бес жүзге толады. Еділге жетсе, мың болады. Күнгейден қол қарауытады. Күлзім теңізінің батыс бетін жағалап келеді. Иранная келе жатқан Хулагу әскері. Жұрт сасайын деді. Берке қалтасынан асық шығарды. Иіріп көрсе алшы түседі. Жүгіріп Қыр Машықтың биік шағылына шығады. Жалғыз тұр. Жау қамап алады. Берке дүрсе қоя береді. Жау бет-бетіне қашады. Сөйтсе, анадайда жер қайысқан қол тұр дейді. Мың адам олардың көзіне көп болып көрінеді. Аспан шатынап, жер қақырағандай болды. Бұл, әрине, аңыз. Бірақ Беркенің 1257-1321 жылдары Алтын Орданың төртінші ханы болғаны рас. 1263 жылы Исламға кіріп, Бұқардағы Сайфаддин Бақарзиға қол тапсырғаны да рас. Еліне Көне Үргеніш жолымен қайтқаны да рас. Сонда осы арамен өткені де рас. Өле-өлгенінше ең соңғы мұсылман халифы Аль-Мұстасимнің көзін құртқаны үшін Ирандағы Хулагумен өштесіп өткені де рас. Бірақ баласыз Берке арманда кетті. Одан кейінгі таққа отырған Бату тұқымы әр дінмен әуестенді. Көбіне бірінің ізіне бірі түсті. Тіпті Тоқты ағаның тұсында біржолата биліктен айырылып қала жаздады. Ол өзінен кейін хан болатын Елбасарға бақталас болмасын деп, аталастарының бәрін құртты. Сөйтсе, ойдажоқта Елбасар да өлді. Тұқымын тұздай құртқан Тоқты аға енді еңіресін келіп... Сонда өзі өлтірген інісі Тоғрұлдың Ұрымнан алған әйелі Келін Баялын қайнағасына сырын айтады. Жас кезінде баласын бұдан жасырып, төркініне асырыпты. Шал бұны естіп қуанады. Баланы алып келуге ауыр қол аттандырады. Олар келгенше көз жұмады. Қалған аталастарының батылы бармайды. Бас уәзірі бар екен. Орнына сол болады. Сөйтсе, кеткен әскер Өзбек ханды тауып әкеледі. Ол уәзірді өлтіреді. 120 төре ажал құшады. Қалғандарын қараға таққа жол бергендері үшін жер аударады. Жан-жақтан диуаналар қаптайды. Әрқайсысы ханды өз дініне кіргізгісі келеді. «Қайсысыңның әруағың күшті болса, мен соның соңына еремін», – деп Өзбек шіренеді. Кім жанып тұрған тандырға кіріп, аман шықса, сол жеңетін болады. Сонда Бабаб Туклас деген кісі жеңіп шығады. Ол Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті Сүлеймен Бақырғанидың үшінші халифасы Зеңгі атаның үшінші халифасы Садраддин Ахмет Баба Туклас дейтін шейх еді. Әбу Бәкір Сыдиықтың нәсілінен еді. Жұрт оны Сәдір ата дейтін. Қабірі Қарасманда жатыр. Әмір Темір барып, басына тәуап еткен. Сол Баба тұқымы Өзбек ханды 1321 жылы дінге кіргізген сапарына осы Үргеніш жолымен барып қайтқан.

## Алтын Орда мен Тұранның арасында

Алтын Орда мен Тұранның арасын жалғап жатқан бұл жолмен кімдер өтпеген, нені көрмеген?! Бұл жолдың бойымен Тоқтамыстан қашқан Темір Құтлық пен Едіге Самарқандағы Әмір Темірді паналайды. 1286-89 жылдары Хорезм жорығына Тоқтамыс та осы жолмен аттанады. Жетпіс ұлысқа ыдыраған Алтын Орданың бойындағы ұлы сүрендердің талайына осы жол куә болады. Бір кезде Темір ертіп барып Алтын Ордаға хан қойған Құйыршықтың баласы Барақ Хорезмде хан боп тұрып, Хиуада жүрген Едіге баласы Мансұрды өлтіреді. Сонда бауырлары Ғази мен Наурыз қуып барып, Барақты мерт етеді... Жә, көне жолдың көне шежіресін санап тауыса алмайсың. Сонда өлген Барақтың баласы мен немересі Жәнібек пен Керей 1460-70 жылдары Жем мен Ойылды тастап, Жетісу ауады. Одан балалары Бұрындық пен Қасым билік алды. Бұрындық Сарайшықта тұрды. Қасым 1519 жылы ноғайларға да үстемдік орнатқысы келді. Ол да Сарайшықты иеленді. 1521 жылы қайтыс болады. Баласы Ақназар апасы Бұлдыр ханымның қолында өседі. Ол Шейх-Мамайдың әйелі еді. Ақназар башқұрттар мен қазақтарға хан сайланады. Ол 1550 жылға дейін ноғайлармен тату болды. 1557 жылдан 1611 жылға дейін екі ара жауласты. Алты ауыл мен Жетісай арасында жүрген Кіші жүз қазақтарға түпкілікті қосылды. Атамекенді қалмақтар алды. Ол кезде Қаратау мен Сырдан басқа Ертістен Жайыққа дейінгі далалар қалмақ қолында болды. Хо-Өрлік, Шүкір, Моншақ тайшылар Тибеттегі ламалармен әмпейлесті. Аюке орыстарға бодан емеспін, одақтаспын деп ұқты. Сексен төртінде қаза тапты. Соңы іркіс-тіркіс болды. Бұл ара соның бәріне куә болды.

Жә, берірек жақындалық. 1745 жыл. Қара суық қыс. Күншығыстан шұбарытқан жүзі ызғарлы қазақтар. Осы арадан теңізге өтіп, мұз үстімен Еділге дейін барып, Красный Ярды тонады. 1746 жылы тағы да қайталады. Қайтар жолда Индерде тосқауылға тап болды. Бұл туралы 1747 жылдың желтоқсанындағы Неплюев рапортында Әбілқайырдың Борсық, Нұралының Қаратамақ, Есеттің Қаракөл, Әжібайдың Жем сағасындағы Көктөбені қыстап отырғаны айтылады. Нұралыға 1750 жылы Бестамақта не Жем аяғына қала салып беру ұсынылады. 1757, 1762 жылдары бұл ұсыныс қайталанады. 1771 жылы 5 қаңтарда Убашы қалмақ 30 мың үйімен Жайықтан өтіп, Жоңғарияға жол тартты. Енді қазақтар бүлінді. Сырым 1785 жылы Нұралымен түпкілікті кетісті. Ел Жем аяғына ұйысты. Ереуілдеген халық 1780-91 жылдары күнде кеңес құрады. Әлім Құдаш, Сегізбай, Бәйіш, Нұрбай, Сартай, Жансары, Төртқара Өтебас, Қаракөбек, Тілбай, Қаракесек Айдарбек, Қаражан, Шөмекей Арыстанбек, Ақтан, Кете Көккөз, Мақұл, Өтек, Алаша Азамат, Сапар, Өтеулі, Шеркеш Тұрмамбет, Есенаман, Көсем, Жарқын, Таз Қолжабай, Ысық Бердәлі, Қаратау, Көсек, Адай Атақозы, Өмір, Шотан, Асан, Беріш Қара, Саржала, Есентемір Сасықбай, Жаппас Тілеке, Дедеріс, Байбақты Едіге, Асқар, Тана Сұлтанәлі, Қосдәулет, Малайсары, Елші, Жағалбайлы Сағыр, Тотай, Табын Есіркеп, Тіленші, Тама Қадыр, Садыр, Кердері Жомақ, Қабыл, Қоныс, тағы да басқа жақсылар мен жайсаңдар жиналады. Заман азды, заң тозды, не істеу керек?

## Бекет батыр да болды

Бастас ағасы – Атағозы, түйдей құрдасы – Өмір, тағдырластары – Шотан мен Асан қатысқан бұл жиыннан Бекетті неге көрмейміз? Оның сырын кейін білеміз. Әйтпесе, Бекет Ата аса таяқтан бұрын қолына найза ұстаған. Тіпті Еділ қалмақтарымен болған бір соғыста Бекет жалғыз өзі ту көтеріп шыққанда, жау бытшыт болып қашыпты деген дерек бар. Осынысы үшін ханшайым Бопай оның бетінен сүйіпті. Өйткені Бекет – жақын жиені еді. Бопай табынай Сатыбалдыдан туса, оның әкесі Әлмембеттен Ікәй, одан Жәния туған еді. Жәния – Бекеттің анасы еді. Қысқасы, қысталаң заманның қиянаттарына ол да қиналған. Ата жаумен айқасқа шыққан. Жеңсе желпініп, жеңілсе күйзелген. Талай жаны мұрнының ұшына келгенде, ғайып перендер көмекке келген. Жаудан құтқарған соң, нышан берген. Әуелі ағып жатқан судан жұмбақ қол көрінген. Сосын бес саусағын жайып, жым-жылас жоғалып кетіп отырған. Бекет атамыз бұны: «Алланың жалғыз екенін естен шығарма. Бес парызыңды орында дегені», – деп жорыған. Алла ақиқат. Жалбарынуға лайық жалғыз мұрат сол. Оған жақындау үшін рухани шыңдалу керек. Әуелі адам шыңдалады. Сосын қауым шыңдалады. Қауым қоғамды шыңдайды. Әлеумет сонда оңғарылады. Сондықтан әлеуметтің ісіне әркім оңтайын тауып атсалысуы керек. Осылай ойлаған Бекет бабамыз «ақл-и-хақ» жолына түсті. Бұл – аса жауапты қиын жол еді. Өйткені кез келгенге қасиет қонбайтын. Таңдап-таңдап талаптыға қонатын. Қасиет әуелі Мұңалұлы Жаулыға қонды. Жауға найзасын білеген Жаулы батырдың ұлы болмаса, Қосқұлақ – атақты Қарабура әулиенің тұқымы, Бұқардағы әйгілі Көкілташ медресесін салған Көкінің ұлы Есет батырдың үйіне батылы барып кіріп, қызына құда түсе алар ма еді?! Әкесінің даңқын малданып барып отыр. Сөйтіп, Таманың әрі батыр, әрі әулиесі Есет сүйікті қызы Меңсұлуды Қосқұлақтың ұлы Жаналыға ұзатады. Ол да әруақтан құралақан болмай шықты. Өйткені арғы түбі Шайқы Бұзырық Сейіттен тарайтын Сабұлт әулиенің тұқымы назар Қожа, Құдай сәтін салып, Адай арасына келіпті. Жайықұлы Әлмәмбет бидің жалғыз қызы Ікәйға үйленеді. Би өлгенде қоңыр үйін сол тігіп қалып, «Қоңыр үйлі Қожа», Ікәйді ұлан ауруынан киік сүтімен емдеп жазып, «Киік сауған Қожа» атанды. Назар мен Ікәйден туған Жәния қызды Жаналының Мырзағұлына айттырады. Олардан төрт ұл, екі қыз туады. Қыздарының аты – Әпуәш, Ақмаңдай. Соған қарағанда, немерелерінің атын қоюға Меңсұлу әжелері араласқан сияқты. Ақмаңдай – Есеттің өзі жауда жүргенде қалмақтар алып кететін сүйікті ұлы еді. Ол үшін Табын Бөкенбай екеуі Еділ қалмақтарын талай шапқан-ды. Өле-өлгенше әкесі Есет аңсап өткен бауырының есімін Меңсұлу немересіне қойған. Онымен қоса, немересінің үлкені Меңдіқұл да Меңсұлудың құрметіне қойылған болса керек. Жастайынан Назар қожа нағашысының қолында өскен Меңдіқұл да Исламға айрықша ынтық болып, Хафиз атаныпты. Өзі жастайынан жау қуалап, батыр болып кеткендіктен, інісі Бекетті дін жолына баулыпты. Онысы ақыл болыпты. Әуелден «батырлар бұл жолы жорыққа шықсын», «бұл жолы шықпасын», – деп, «сәуегей бала» атанған Бекет медреседе бірден көзге түседі. Өзбек Пахлаван Равнак, түрікмен Мақтымқұлы Пырағы, қарақалпақ Әжнияз Қосыбайұлы сынды аты мәшһүр адамдарды тәрбиелеген Хиуадағы Шерғазы медресесін бітіріп, шатырхат алып, елге оралады. Алғашқы қызметін Үргеніштен келетін көне сауда жолының бойындағы ақ шекелек жоталардың біреуін үңгіп, мешіт салып, бала оқытудан бастайды. Өткен-кеткенді ойлап, көп толғанып, әуелден Алланың нұры түсіп, қасиетті жер екендігін білсе керек. Содан Маңғыстауды қайта жайлай бастаған қазақтарды жәуміттер ұната қоймайды. Ел арасы дүрлігеді. Солармен бірге көшіп, бітуәжалық қызмет атқарады. Бейнеуде, Тобықтыда, Байшағыр-Баялыда, Оғыландыда тауды үңгіп, мешіт тұрғызады. Қай істің де жанжалсыз біткенін жақтайды. Қараман атадағы анттасу – Атаның ел бірлігін жанын салып қорғағандығына айқын куә еді. Қан төгіп емес, тер төгіп, жер бетін құтты мекенге айналдыруға болады. Иман адамның жанын жаңартып қоймай, жерінде абаттандырады. Қырық жасына келгенде, ұстазы Мұхаммед Бақыржан Әзиз аян беріп, Хиуаға шақыртады.

## Ғажайып қасиеттер дарыған жан

Хиуа – бүкіл Ислам дүниесі мойындаған ірі діни орталық еді. Онда мұсылмандар үшін қадірлі жарық жұлдыздар көп еді. Ең құрметтісі – моңғолдар өлтірген Жамаладин Кубра еді. Қожа Ахмет атамыз атақты орындарды мұсылман дінінің шұғыласымен нұрландырып еді. Сол игі іс үздіксіз жүзеге асуда еді. Діни ағартушылықпен шұғылданатындардың көбі арғы тегін Мұхаммед пайғамбарымнан бастайтын. Оның немере інісі Әзіреті Әли мен өз қызы Фатимадан туған Хасан ұрпағын Шәріп, Құсайын ұрпағын Сейіт дейтін. Әлидің рум қызы Ханфиядан Мұхаммед-Ханафия деген ұл сүйгені белгілі. Сонымен Әубәкір, Оспан, Омар халифтерден туғандарды қожа дейтін. Сейіттер мен қожалардың қосылуынан жаратылғандарды миан дейді. Мұхаммед Бақыржан Әзиз Хұсайынның жиырма алтыншы ұрпағы еді. Ол Хиуа ханы Инак Мұхаммед Аминнің қадірлі замандасы еді.

«Ол кезде жасы үлкен адамдарды, яғни қырық жастан асқандарды ұстаз етіп тағайындайтын», – деп жазады «Фирдаусул Икбал» кітабы. Ал «Рисолайи хилфати суфико» кітабында Мұқаммед Бақыржан хазірет «Заманымыздың ұлы сейиді», Мұқаммед Сұлтан хазірет «Өз дәуірінің ұлы шейхы», Молда Мұхаммед Пана «Өз дәуірінің ұлы ахуны», Бекет хазірет «Өз заманының ұлы сопысы», – деп ұлықталады. Әрқайсысының алған атақтары сараланып көрсетіледі. Сондай-ақ Бекет хазіретке берілген атақты «Пайғамбарымыздың сүннетін көзінің қарашығындай сақтаушы және оны таратушы. Мұсылман қауымның ішіндегі ең ұлысы, әзизі әрі қадірлісі, Алла Тағалаға ең жақын және Алла Тағаланың ең құрметтісі, өз дәуірінің ұлы сопысы деп атанған адам», – деп түсіндіріледі. «Тазкираи Мухаммед Бакир» қолжазбасында: «Бекет Ата өмірінде қиындықтарды көп көріп, адам таңғаларлық кереметтер істей алатын үлкен қасиет иесі, сопылықтағы ең жоғарғы мәртебе «машайық» дәрежесіне жеткен, түріктер мен өзбектер арасындағы атағы кең жайылған белгілі адам еді. Ел оны «Ахмад» деп дәріптейтін. Көңілінде бір Алланы ұстап, құлшылығын өз уақытында орындап отыру тек жасы үлкен адамдарға тән болса, ол жас кезінде-ақ Аллаға сол үлкендерше құлшылық ететін еді», – деп көрсетілген. Демек, ұстанған жолы сопы, жеткен деңгейі машайық, дәрежесі Пір деп мойындалғаны. Бұл қазақ даласында өте сирек кездесетін құбылыс-ты. 1788 жылы түрік елшісі Интурлы-пашаның келуіне байланысты Бұқара аталығы Шах-Мұрад қазақ ақсақалдарына арнаған жолдауында дінге салғырттығымызды бетімізге басқан-ды. Мұндай жағдайда Бекеттің бұл шарықтауы «Мединада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет» десе, дегізгендей еді. Сопы – тек бір Алла алдында ғана құл, халықтың алдында азат. Бірақ саясатпен айналыспайды. Машайық – сопылықтың ең жоғары деңгейі. Періштелер аян беретін адам. Машайық болса ғана сопы Пір бола алады. Бекет Ата 1790 жылы сопылық жолдың пірі аталған-ды. Ол жиырма үш жыл бойы Пір болып, бұл атақ өзімен бірге мәңгілікке қалды.



## Ол адамдарды бірлік пен үйлесімділікке шақырды

Бекет Атаның бүкіл емірі адамдар мен халықтар арасындағы қақтығыстарды тежеп, қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімдікке шақырады. Береке мен пәтуаны, ынтымақ пен ыждаһатты іздепті. Әулекіліктен тартындырып, әділеттілікті мұрат етті. Шариғат пен Ата жолын табыстырып, заманауи өзгерістерді жақсылыққа қызмет етуге үндеді. Бекет өнегесі – тарихи сабақтастыққа адалдықтың үлгісі. Екі жүз алпыс жыл бойына отаршылдық пен тоталитарлық басыбайлыққа тойтарыс беріп, отаншылдық пен бұқарашылдықты жебеді. Тәуелсіздік алған халқымыз бабамызға шексіз ризашылығын білдіріп, басын иіп, ізгілікке үндеген шарапатты жолын қастерлей береді. Ілгері басқан әр қадамымызды қайырлы қыла көр, жақсылықтың жарылқаушысы Пір Бекет әулие!

***15.09.2010***

*5 июня - Всемирный день охраны окружающей среды*

## Дорогие коллеги, работники службы охраны окружающей среды и парниковых газов, экологи АО «Мангистаумунайгаз»!

Позвольте от всей души поздравить вас с профессиональным праздником!

Спасибо вам, уважаемые коллеги, за то, что вы со всей ответственностью продолжаете дело своей жизни – помогаете сохранять природные богатства Мангистау, делаете нашу Землю ярче и чище!

Каждый из вас вложил в дело охраны природы много мыслей, труда, таланта и сил. Бережное отношение к окружающему миру, флоре, фауне важно не только для всех ныне живущих, но и для всех будущих поколений. Поэтому ваш труд особенно ценен и важен!

Дорогие коллеги, желаем вам крепкого здоровья, счастья и дальнейших успехов! Мира, добра и благополучия вам и вашим близким!

**С уважением,**
**Руководители Департамента техники безопасности, охраны труда и охраны окружающей среды АО «Мангистаумунайгаз»**

**И Лун**
**Мунгалов А.С.**

# УПРАВЛЕНИЕ ОТХОДАМИ ПРОИЗВОДСТВА И ПОТРЕБЛЕНИЯ

Ежегодно на территориях АО «Мангистаумунайгаз» образуются различного вида отходы производства и потребления, которые ежегодно сокращаются за счет передачи специализированным компаниям для переработки и утилизации или повторного использования.

В 2019 году в результате деятельности АО «Мангистаумунайгаз» образовалось **8595,306 тонн** отходов производства и потребления, что на 59,7 % меньше показателя 2018 года. Основными отходами производства и потребления являются металлолом (64%) и строительные отходы (20%).

| Наименование отходов | Объем, тонн | Доля, % | Переработка (Удаление, утилизация) |
|---|---|---|---|
| Всего образовано в 2019 году | **8650,79** | **100** | **8 171,692** |
| **Металлолом** | 5 485,17 | 64 | 5485,086 |
| **Нефтешлам** | 776,84 | 9 | 776,84 |
| **Строительные отходы** | 1 731,708 | 20 | 1 664,054 |
| **ТБО** | 295,242 | 3 | 295,242 |
| **Прочие виды отходов** | 361,83 | 4 | 357,77 |

**Доля образования отходов АО «Мангистаумунайгаз» за 2019 г, %**




В 2019 году образовано всего – **8650,79 тонн** на 12 690,17 тонн меньше, чем в 2018 году, причиной уменьшения объемов образования отходов в 2019 году по сравнению с 2018 годом обусловлено сокращением объемов:

1) нефтешлам – связано с тем, что зачистка производится сразу с передачей нефтешлама на переработку и утилизацию без размещения на полигоне;

2) продувочной жидкости – является продуктом технологического процесса и не учитывался в 2019 году,

3) металлолома – связано с уменьшением замены и списания технологического оборудования,

4) ТБО и пищевых отходов – связано с трансформацией ООП ДАВ и передачей в ТОО «Caspian Food».

**Динамика образования отходов от СП АО «Мангистаумунайгаз», 2010-2019гг, тонн**




АО «Мангистаумунайгаз» затрачивает значительные средства на очистку, переработку нефтяных загрязнений как вновь образованных от производственной деятельности, так и накопленных отходах на полигонах и территориях месторождений. Соответственно, учитывая жесткие меры экологического законодательства РК, категорически запрещается закапывания отходов, что приводит к увеличению отходов в два и более раза, загрязняется земная поверхностью, растительность.

**Работа по утилизации/переработке накопленных и вновь образованных загрязнений**




# СОКРАЩЕНИЕ ОТХОДОВ ПРОИЗВОДСТВА И ИХ УЧЕТ

**Динамика обращения с отходами производства (новые образования) по подразделениям АО ММГ за 2010-2019 гг, %**




В соответствии с требования экологического законодательства Республики Казахстан учет отходов должен вестись весовым методом с проведением записей в журналах образования отходов.

На территории ПУ «Каламкасмунайгаз» и ПУ «Жетыбаймунайгаз» созданы временные площадки для приема от всех цехов отходов производства. С данных площадок отходы передаются специализированным организациям на переработку и утилизацию.

На площадке ранее были установлены автомобильные весы для учета крупногабаритного груза и отходов. Дополнительно, в 2020 году был осуществлен закуп весов до 1000 кг для взвешивания отходов с небольшим весом и установлены на временных площадках, а также такие весы были установлены для основных цехов добычи, подготовки нефти на объектах ПУ.

АО «Мангистаумунайгаз» планомерно работает над минимизацией вреда окружающей среде и уделяет повышенное внимание вопросам снижения отходов производства и их утилизации. Основными отходами производства и потребления являются металлолом (50,6%) и нефтешлам (29,7%). АО «ММГ» стремится к 100% сокращению за счет передачи образованных производственных отходов в специализированные компании на переработку и дальнейшую утилизацию, не накапливая на контрактных территориях.



# ПРОИЗВОДСТВЕННЫЕ ОТХОДЫ







С внедрённым и доступным раздельным сбором выкидывать практически нечего - всё идёт в дело. Раздельный сбор даёт возможность этим ресурсам не пропадать. Для системы раздельного сбора почти все отходы — это вторичное сырьё, которое можно ещё не раз использовать для производства новой продукции. Производственные отходы — те отходы, которые появляются в процессе производственной деятельности предприятия. Этих отходов в сотни раз больше, чем тех, которые образует человек в повседневной жизни, и они гораздо опаснее для природы и человека. Раздельный сбор в разы снижает этот след, т.к. для производства продукции из вторичного сырья требуется от 5 до 20% от того объёма затрат, который уходит на первичное производство. Грамотная система раздельного сбора подразумевает, что 90% отходов перерабатывается.

**Ж. Екибаева,**
**руководитель службы охраны окружающей среды и парниковых газов ДТБОТиООС**

## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# ЕҢБЕГІМЕН ЕР АТАНҒАН



Ежелгі Мысыр заманының өзінде ғимараттар жүккөтергіш механизмдердің көмегімен монтаждалған. Сондықтан осындай жұмыстарды атқарған адамдарды монтажшы деп атауға әбден болады. Бұл осы мамандықтың өте ертеде пайда болғандығының және оның тарихы тереңде жатқандығының дәлелі.

Осындай тарихын тым ежелден өрбітетін мамандықтың иесі, құрылыс құрылмаларының монтажшысы Дмитрий Дмитриевич Тихомолов 1960 жылғы қыркүйектегі шуақты күндердің бірінде Краснодар өлкесінде дүниеге келген. Балалық шағы Кубанның шұрайлы жерінде өтіп, ата-анасының жұмыс бабымен қоныс аударған Маңғыстау топырағына он үш жасында аяғы алғаш тиген болатын. Мектепті тәмамдаған соң кәсіптік-техникалық училищеде оқып, монтажшы, пісіруші мамандықтарын алып шыққан ол отбасын асыраудың қамына кірісті. Содан бері қырық жылдан аса уақыт мұнай саласында, Қаламқас кен орнында табан аудармай еңбек етіп келеді. Мұнара монтаждау конторасында пісіруші, содан кейін мұнараларды тасымалдау бригадасының жетекшісі болып жұмыс істеді. 2007 жылдан бастап сыйымдылығы 5000 тонналық сұйыққоймаларды монтаждау жұмыстарына ауысты. Бүгінгі таңда құрылыс құрылмаларының монтажшысы Дмитрий Дмитриевич тәжірибелі және білікті маман ретінде өндірістің ең қиын жерлерінде жүріп, қауіпті де жауапты тапсырмаларды кінәратсыз орындайды. Ал монтажшы болу үшін білек күші дамыған, техникалық ойлау қабілеті жоғары, қолы епті болуы, арнайы құрал-саймандармен сауатты жұмыс жасай білуі де керек. Монтажшы тәртіпті және жинақы болуы тиіс. Биіктікте күрделі технологиялық құрылғылармен, жабдықтармен жұмыс істейтін болғандықтан барлық қауіпсіздік талаптарын мүлтіксіз орындауы өте маңызды.

Ол еңбек жолында Амантай Сәрсенов, Александр Распаев, Виталий Пянзин сынды майталман мұнара монтажшыларымен істес болып, олардың мол тәжірибесінен тағылым алғанына қуанады. Өзі де қазір артынан ерген ізбасарлары Талғат Мыңжасов, Мұрат Бисекешовтей білімді де білікті жастардың айтқанын қалт жібермей үйреніп, өз істерінің шебері болғанын көріп, көңілі тасып жүреді. Қабақ шытып, қасындағылардың көңіліне кірбің түсірмей, аққөңіл, елгезектігімен жұмыстастарына жұғымды да сыйымды болуы және бел шешпес еңбекқорлығы арқасында ұжымда биік беделге ие болды. Қарапайым, өзі үшін ештеңе сұрамайтын, ал жұмыста алдына жан салмайтын біртуар азамат Дмитрий Дмитриевич көп жылғы адал еңбегі мен қол жеткізген табыстары үшін «ҚазМұнайГаз ҰК» АҚ Ескерткіш белгісімен, екі мәрте Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрлігінің Құрмет грамотасымен және Маңғыстау мұнайының 50 жылдығына орай Мерейлі медалімен марапатталды. Бұл жетістіктер – күнделікті тынымсыз ауыр еңбектің нәтижесі. Үйінде жайма-шуақ көңілмен күтіп алатын жан жары Татьяна Алексеевнамен тату-тәтті ғұмыр кешіп, екі бала тәрбиелеп өсірді, қазір немерелерін қызықтап отыр.

**А.Есбосын**
**«Oil Construction Company» ЖШС**

# АДАЛДЫҚ ЖОЛЫНАН АЙНЫМАҒАН ЖАН



«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС-нің (бұдан әрі – «ОТК») Маңғыстау техникалық көлік басқармасында (бұдан әрі – МТКБ) қырық бір жылдан аса өмірін бір арнаға арнаған, бір қызметте табан аудармай еңбек етіп жүрген азамат Садуов Жаңабай ағамен сұхбат жүргіздік.

Арнайы көлікті тізгіндеген маман Жаңабай аға сұхбат барысында өзінің балалық шағы өткен жерімен, бағып-қағып өсірген ата-анасы туралы айта кетті. 1958 жылы 23 қаңтарда Түрікменстан қаласы, Түркменбашы қаласында (Красноводск) дүниеге келген. Жеті жасында Түркменбашы қаласынан көшіп, отбасымен бірге Маңғыстау өңіріне қоныс аударған. Қазіргі Маңғышлақ станциясында орналасқан №549 орта мектепте білім алған. Кейін 1968 жылы Шевченко, қазіргі әсем қала Ақтауға көшіп келеді. Ақтау қаласында орналасқан сол кездердегі жалғыз қазақ мектебін жақсы бағамен бітіріп шығады.

- Жаңабай аға, өзіңіздің ғұмырыңызды бір ғана саланы өрістетуге арнап, бір ғана дара жолды таңдаған жансыз. Осы салаға қалай келдіңіз?

- Орта арнаулы білім алғаннан кейін 1975 жылы «Прикаспий Тау Металлургиялық Комбинатына» автокөліктердің слесарь-жөндеушісі болып жұмысқа орналастым. 1976 жылы әскер қатарына қосылып, отан алдындағы борышымды өтеуге аттандым. 1978 жылы қалаға оралып, қараша айында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның «Арай» ЖШС 2002 жылы «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС деп өзгерген болатын, сол мекемеде жүргізуші болып жұмысқа тұрдым. Сол уақытта үшінші қатарлы жүргізуші болдым. Араға жыл салып екінші қатарлы жүргізуші болып ауысып, кейін бірінші қатарлы жүргізушілер қатарына қосылдым. 2007 жылы «ОТК» ЖШС МТКБ бесінші дәрежелі жүргізуші болдым. Міне, осылай жолаушылар тасымалдайтын автокөлік жүргізушісі атандым.

- Мекемеде еңбек өтіліңіз қырық бір жыл екен. Жүргізуші кәсібін қолға алғандардың қатарындасыз. Әр кәсіптің өзіндік қиындықтары болатыны сөзсіз. Сіздің мамандығыңызда қандай қиындықтар туындады?

- Көлік жүргізуші маманы болу сырт көзге оңай көрінген іс болғанымен ауыр көлікті тізгіндеу өте қиын. Арнайы көлікті тізгіндеген мамандарға жүктелген жауапкершілік жүгі зор. Төтенше жағдайлар болып қалған жағдайда өзімізді ұстай білуіміз керек. Ең бастысы жолаушыларды ойлаймыз. Олардың тиісті орыннан аман-сау алып кету мен жеткізу біздің мойнымызда. Жүргізушілер үшін заманауи автобустың құрылымын және аспаптарын өте жақсы деңгейде білуі қажет.

- «ОТК» ЖШС мекемесінде тек қызмет атқарып қана қоймай әлеуметтік шараларға белсене қатысатыныңызды байқап жүрміз.

- Ия, тек жұмыс жасап емес, спорттық шараларға да белсене қатысуға тырысамын. Зейнет жасына да жетіп қалсамда, бос уақытымда спортпен шұғылданамын. Спорттық ойындардың ішінде – футболды ерекше жақсы көремін. Мекемеміздің атын асқақтату үшін футбол ойыны бойынша өткізілген барлық ойындарға жастардан қалмай жарыстарға қатысамын. Мекеме жыл сайын спартакиада жарыстарын ұйымдастырады. Сол жарыстардың ішінде кіші футбол ойыны бойынша «Үздік қақпашы» жүлдесіне ие болғам.

- Аға, алға қойған мақсат-мұратыңыз туралы айтып кетсеңіз?

-Халқымыздың «Мақсат – жетістіктің желкені» деген қанатты қағидасын ұстанып, өзімнің мақсатымды – сенім артқан отбасымның және мекеменің үмітін ақтай білу, еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосатын, мемлекетіміздің тірегі бола алатын балаларды өсіріп-қағу деп білемін.

Транспорт саласының дамуына бүтіндей бір өмірін арнаған Жаңабай ағамен сұхбат соңында атқарған ерен еңбегі, мұнай саласына қосқан үлесі үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бірнеше марапаттау қағаздарына ие болған.

Сіздің тамаша футбол ойынында көрсеткен жетістіктеріңізге жанкүйерлеріңіз жігерленіп, тамсанып, ойыныңызға тәнті болады. «ОТК» ЖШС әкімшілігі атынан Жаңабай ағамызға көлік саласының дамуына қосқан үлесі мен ерен еңбегі үшін алғыс білдіреміз.

**«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС**






Мұнайлы Өлке
Меншік иесі:
“Маңғыстаумұнайгаз” АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, А.Ақшаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 215-266 212-194, 211-885

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терідіп, беттелді.
Индексі: 64265

“ATIS” ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500

*Производство*

# РЕМОНТ ГТЭС НА КАЛАМКАСЕ



**Техническую инспекцию газотурбинных установок SGT-800 производства «Сименс» на Газотурбинной электростанции (ГТЭС) месторождения Каламкас, будет производить ТОО «Сименс Нефтегаз и Энергетика», которое является официальным филиалом компании «Сименс» в Республике Казахстан.**

АО «Мангистаумунайгаз» и ТОО «Сименс Нефтегаз и Энергетика» заключили сервисный контракт на проведение технической инспекции и капитального ремонта газотурбинных установок SGT-800 на ГТЭС сроком на девять лет.

Стороны договорились о проведении технических инспекции, капитальных ремонтов с модернизацией газотурбинных установок, а также технической поддержке с подключением газотурбинных установок к центру удаленного мониторинга компании «Сименс».

ГТЭС на месторождении «Каламкас» была запущена в эксплуатацию в конце 2014 года. Ввод ГТЭС в работу позволил разгрузить электросети Бузачинского энергоузла, сэкономить значительные финансовые расходы на покупку электроэнергии, повысить надежность электроснабжения нефтегазодобывающего месторождения, а также создать новые рабочие места и т.д. По действующим тарифам ТОО «МАЭК-Казатомпром» и АО «МРЭК», суммарная экономия средств со дня ввода в эксплуатацию ГТЭС по январь 2020 года составила – 16 744 271 тыс. тенге.

- В ближайшие месяцы силами специалистов «Сименс» ожидается начало капитального ремонта двух газотурбинных установок типа SGT-800 на ГТЭС, - говорит главный энергетик АО «Мангистаумунайгаз» Нурберген Имангазиев. – Это плановые работы, предусмотренные технологическим регламентом завода-изготовителя SGT-800 компанией «Сименс», в связи с достижением допустимых значении наработок, которые по состоянию на 30.01.2020г. составляют: ГТУ-1 - 22548 ЭЧЭ, ГТУ-2 – 26841 ЭЧЭ (эквивалентных часов эксплуатации). Ремонт продлится несколько месяцев, на это время электроснабжение месторождения Каламкас будет осуществляться от электростанции ТОО «МАЭК-Казатомпром».

*Пожарная безопасность*

# БУДЬТЕ ОСТОРОЖНЫ С ОГНЕМ!

**Наступает пожароопасный летний период, а значит, самое время еще раз напомнить о правилах пожарной безопасности на производстве и быту. Не забывайте, что беспечное или неосторожное обращение с огнем, не соблюдение правил безопасности – все это может привести к трагедии.**

В связи с этим, в целях обеспечения пожарной безопасности, всем работникам АО «Мангистаумунайгаз» необходимо не терять бдительность и строго соблюдать правила противопожарного режима:

- Не допускать проведения огневых и других пожароопасных работ без оформления разрешений и нарядов допусков;
- При разработке мероприятий по подготовке и проведению работ предусмотреть все меры во избежание возгораний, пожаров;
- Не допускать курение в не установленных местах;
- На взрывопожароопасных объектах запретить заезд, нахождение на территории этих объектов автотранспорта без искрогасителей заводского исполнения;
- Руководителям объектов и подрядным организациям взять под строгий контроль соблюдения своим персоналом противопожарного режима.

Хочется отметить, что службой пожарной безопасности АО «Мангистаумунайгаз» ведется большая работа по соблюдению «Правил пожарной безопасности» на всех месторождениях Общества и в подрядных организациях: ежемесячно проводятся учебно-тренировочные занятия по пожарной безопасности, осуществляется непрерывный мониторинг, контроль работоспособности систем пожарной автоматики и первичных средств пожаротушения, ведется производственный и внутренний контроль по линии пожарной безопасности.

Однако важно подчеркнуть, что пожарная безопасность - это наше общее дело, от нашей бдительности, дисциплинированности и исполнительности зависят жизни людей, безопасность производственных объектов АО «Мангистаумунайгаз».

Уважаемые коллеги, известное выражение гласит: **«огонь хороший слуга, но очень плохой хозяин»**, поэтому еще раз призываем вас неукоснительно соблюдать требования пожарной безопасности.

**Соспанов Н.О.,
руководитель Службы
пожарной безопасности
ДТБОТиООС АО
«Мангистаумунайгаз»**

*Жаднама*





## ХАБАРЛАСЫҢЫЗ:

- ☑ Қоғамның мүдделерін қозғайтын құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы
- ☑ Қоғам қызметкерлерінің тарапынан бопсалау деректері туралы
- ☑ Сыбайлас жемқорлықтың көрінісі туралы
- ☑ Қызмет бабын теріс пайдалану туралы
- ☑ Мүдделер қақтығысының туындауы тура
- ☑ Және басқа да құқық бұзушылықтар туралы



**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

**212-229**

**ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ**

## СООБЩИТЕ О:

- ☑ Противоправных действиях, затрагивающих интересы Общества;
- ☑ Вымогательствах со стороны работников Общества;
- ☑ Проявлениях коррупции;
- ☑ Злоупотреблениях служебным положением;
- ☑ Возникновении конфликта интересов;
- ☑ И других правонарушениях.

**Анонимдік кепілдік беріледі / Анонимность гарантируется**